ҚТЖ ОПРОВЕРГ ПОЯВИВШУЮСЯ В СМИ ИНФОРМАЦИЮ ОБ ОТСУТСТВИИ БИЛЕТОВ В ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНЫХ КАССАХ 3 стр.


# ҚАЗАҚСТАН ТЕМІРЖОЛШЫСЫ

РЕСПУБЛИКАНСКАЯ ТРАНСПОРТНО-ЛОГИСТИЧЕСКАЯ ГАЗЕТА
ИЗДАЕТСЯ С 12 МАЯ 1931 ГОДА

№86 (2469) 13/09/2019 | ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНИК КАЗАХСТАНА | railnews.kz


Подписывайтесь на telegram-канал АО «НК «ҚТЖ» – @railways.kz / «ҚТЖ» ҰК» АҚ – @railways.kz telegram-каналына жазылыңыз

ДӘЙЕКСӨЗ

**Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ,**

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ:

**«МАШИНА ЖАСАУ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЖЕТЕКШІ САЛАЛАРЫНЫҢ БІРІ РЕТІНДЕ ЖАҺАНДЫҚ ӨЗГЕРІСТЕРМЕН ҮЗЕҢГІЛЕС ЖҮРЕТІНІНЕ СЕНІМІМ МОЛ»**

НОВОСТИ

## ЭТО НЕ ПРЕДЕЛ

**Со станции Достык на станцию Алашанькоу были сданы рекордные 15 поездов по широкой колее 1520. Данное событие является знаковым не только для Алматинского региона, но и в целом для железной дороги Казахстана.**

Этому способствовали проведенные раннее переговоры между железнодорожными администрациями Казахстана и Китая, возглавляемые первым заместителем председателя правления АО «НК «ҚТЖ» Канатом Альмагамбетовым и заместителем генерального директора корпорации «Китайские железные дороги» Ли Вэньсин.

Директор Алматинского отделения ГП Нурым Жаниязов отметил содействие руководства других отделений ГП в продвижении и доставке груза, а также слаженную работу всех служб, выступающих единым механизмом в освоении существующих и перспективных объемов перевозок, увеличении экспортного и транзитного потенциала.

– Мы надеемся, что поставленный рекорд по сдаче в КНР 15 поездов – это не предел, приложим максимум сил для выполнения поставленных задач по перевозке грузов между РК и КНР, – отметил он.

*Милена КАИРОВА*

## ЛОКОМОТИВЫ ГОТОВЯТСЯ К ЗИМЕ

**Во всех филиалах АО «КТЖ – Грузовые перевозки» 10 сентября текущего года стартовал осенний комиссионный осмотр локомотивов, который продлится до конца октября. В течение двух месяцев специалисты проведут оценку готовности локомотивного парка к эксплуатации в наступающем зимнем сезоне.**



Особое внимание уделяется проверке исправности работы приборов, непосредственно обеспечивающих безопасность движения поездов, и противопожарных устройств.

В рамках осмотра железнодорожники проверят более 1370 локомотивов, в том числе свыше 890 тепловозов и более 480 электровозов.

– Перевод локомотивов на зимний режим работы происходит со сменой сезонных видов смазок, очехлением кузова и тяговых электродвигателей для защиты от воздействия внешней среды с соблюдением технических требований, санитарных норм и требований пожарной безопасности, – говорит главный менеджер департамента локомотивного хозяйства АО «КТЖ – Грузовые перевозки» Елдос Токбергенов.

*Асель ШАЙХЫНОВА*

БҮГІНГІ САН

**АЛТЫНКӨЛ – ҚОРҒАС ШЕКАРАЛЫҚ ӨТКЕЛІ АРҚЫЛЫ БИЫЛҒЫ 8 АЙДА ҚАЗАҚСТАН МЕН ҚЫТАЙ АРАСЫНДА**

**2,5 млн тонна**

**ЖҮК ТАСЫМАЛДАНҒАН.**

ФОРУМ

# МАШИНА ЖАСАУ – ҚАЗАҚСТАНДЫ ИНДУСТРИЯЛАНДЫРУ ДРАЙВЕРІ

Кеше Нұр-Сұлтан қаласында Қазақстан Республикасы Үкіметінің қолдауымен Қазақстан машина жасаушыларының VII форумы өз жұмысын бастады. Шараны ұйымдастырушы ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі мен Қазақстанның машинажасаушылар одағы болса, бас әріптесі «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ.




**Сұлугүл БАКЕСОВА**

Форум жұмысын ашқан «Қазақстан машина жасаушылар одағы» басқарма төрағасы Мейрам Пішембаев мемлекет пен бизнестің нақты диалог алаңына айналып отырған шараның ауқымы да кеңейіп келе жатқанына тоқталды.

Айта кетерлігі, мыңға жуық делегат қатысқан форумның денін жастар құрады. Биылғы ұраны «Машина жасау – Қазақстанды индустрияландыру драйвері» болып отырған форумда жаңа заман талабы жағдайында саланы дамытудың стратегиялық бағыттары, импорт алмастыру, өндірісті ынталандыру, жас мамандардың мәртебесін арттыру, цифрландыру жағдайында жаңа тәсілдерді талқылау сияқты маңызды және өзекті тақырыптар талқыланады деп күтілуде.

Форумның пленарлық отырысы басталып, онда ҚР Президентінің кеңесшісі Мәулен Әшімбаев, Мемлекет басшысының форум қатысушыларына жолдаған құттықтау хатын оқып берді. Ал Премьер-министрдің орынбасары Жеңіс Қасымбек форумда сөйлеген сөзінде соңғы жылдары машина жасау саласы жаңа экономикалық жағдайларға жедел бейімделіп, тұрақты өсуге шыға алған бірнеше салалардың біріне айналғанын, Индустрияландыру жылдары машина жасау және металл өңдеу саласында 130 жаңа өндіріс іске қосылып, 14 мың тұрақты жұмыс орны ашылғанын атап өтті. Оның айтуынша, егер 2018 жылдың қорытындысы бойынша Қазақстанның барлық өнеркәсібінің өсімі 4,1%-ті құраса, онда көрсетілген кезеңде машина жасау өндірісінің өсімі 14,1%-ті құрап, осылайша ақшалай мәнде рекордтық көрсеткіш 1,1 трлн теңгеге жеткен. Ал 2019 жылдың жеті айының қорытындысы бойынша машина жасау өндірісінің көлемі 18%-ті құраған. Ол биылғы жылы қабылданған маңызды құжаттың бірі ретінде, Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің 2019 жылғы 26 маусымдағы №115 жарлығымен Қазақстан Республикасының машина жасауды дамыту жөніндегі 2019-2024 жылдарға арналған Жол картасының бекітілгенін жеткізді. Бұл құжат машина жасау саласын дамытудың орта мерзімді перспективаға арналған стратегиялық көрінісі болып табылады. Құжаттың басты мақсаты – отандық машина жасау кәсіпорындарының бәсекеге қабілеттілігін арттыру, жаңа технологияларды енгізу және саланың экспорттық әлеуетін арттыру. Ал форум жұмысы аясында Жол картасын жүзеге асыру жолдары талқыланбақ.

Ал Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрі Роман Скляр өз сөзінде елімізде индустрияландырудың екі бағдарламасы іске асып келе жатқанын, машинажасау саласында жалпы 114 жоба жүзеге асқанын және осы кезеңде жаңа өнім түрлері шыққанын, айталық, автомобиль және теміржол өнеркәсібінің нөлден бастап құрылғанын, ал мұнайгаз, тау-кен сияқты салалардың дамуы қарқын алғанын жеткізді. Сонымен қатар ол ҚҚС бойынша преференция енгізіліп, өнеркәсіптік кооперация бойынша бағдарламаның іске қосылғанын, экспортқа арналған өнімдер түрін кеңейтуге мүмкіндік туғанын, сондай-ақ, кооперациялық байланыстарды дамыту үшін Қазақстан-Ресей арасында бірлесе іс-қимыл жасау бағдарламасы қабылданғанын және де бұл бағдарлама өндірісті бірлесе дамытуға ықпалын тигізетінін атап өтті.

Биылғы жылғы Форумның тағы бір ерекшелігі, Елбасы жариялаған Жастар жылын назарға ала отырып, негізгі іс-шаралардың жастар әлеуетін дамытуға арналып отырғаны. Атап айтқанда, форум барысында студенттер үшін дәстүрлі бос жұмыс орындар жәрмеңкесі, жас мамандарға арналған көпшілік алдында сөйлесу (public talk), оқушылар арасында робототехника бойынша байқау өткізілмек. Және де форумға қатысушылар маңызды шара аясында өндірушілердің көрмесіне қойылған жұмыстармен таныса алады. Форум барысында ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрі Роман Скляр бір топ машина жасау саласының үздіктерін «Құрметті машина жасаушы» төсбелгісімен марапаттады. Олардың қатарында «Теміржол жөндеу» ЖШС және «Локомотив құрастыру зауыты» АҚ еңбеккерлері де бар.

*Суреттерді түсірген Александр ЖАБЧУК*



СОТРУДНИЧЕСТВО

## КУРС НА ПРОГРЕСС

**В Урумчи 9 сентября состоялось открытие 28-го совещания смешанных комиссий железных дорог Казахстана и Китая, которые возглавили от АО «НК «Қазақстан темір жолы» заместитель генерального директора по маркетингу и интегрированному планированию АО «КТЖ – Грузовые перевозки» Мухтар Махамбет, от государственной корпорации «Китайские железные дороги», – председатель правления ООО «Урумчийская железная дорога» Чжан Хайтао.**

В ходе совещания стороны отметили налаженную работу международных погранпереходов РК и КНР. Отдельно отмечена деятельность пограничного перехода Достык – Алашанькоу, увеличившего прием поездов по широкой колее до 14 пар в сутки.

Также подведены итоги работы за 2018 год. Объем перевозок между РК и КНР составил 13979 тысяч тонн (на 38% больше 2017 года). За 8 месяцев 2019 года при плане 9827 тысяч тонн перевезено 10882 тысячи тонн грузов (на 11% больше запланированного).

Далее стороны определили основные вопросы, которые будут рассмотрены во время совещания, для этого договорились разделиться по группам и согласовать принятые решения.

*Алуа ТЛЕУБАЕВА*

## «ЖІБЕК ЖОЛЫ» КӨРМЕСІНЕ ҚАТЫСТЫ

**Биыл 10-12 қыркүйекте Қытайдың Ляньюньган қаласында өткен VI Қытай Халықаралық логистикалық «Жібек жолы» көрмесіне «KTZ Express» АҚ қатысты.**

Көрме жұмысына Қытай, Жапония, Оңтүстік Корея, Қазақстан, Сингапур мен еуропалық және басқа елдердің 200-ден аса логистикалық және кеме қатынасы бойынша компаниялары атсалысты.

Көрме шеңберінде экономикалық және сауда ынтымақтастығын қолдау бойынша конференция ұйымдастырылды. Соның барысында «KTZ Express» АҚ бас директоры Дмитрий Абдуллаев «Қазақстан темір жолы» компаниясы топтарының сервистерін таныстырды. Ол Қытайдан Қазақстан арқылы өтетін контейнерлік жүк ағынының айтарлықтай артып отырғанын жеткізді. Сонымен қатар қосымша жүк тарту үшін компания тарапынан жасалып жатқан шаралар туралы баяндады. Атап айтқанда, контейнерлік пойыздар жылдамдығын арттыру, темір жол инфрақұрылымын жаңғырту, қолайлы тариф саясаты, IT технологияларды дамыту, жүктер сақталымын қамтамасыз ету және Қазақстан аумағы бойынша бағдарларды диверсификациялау жағынан жұмыстар жүргізілген.

Сарапшылар Қытайдан және кері бағытта тасымалдың тұрақты өсіп отырғанын және ұлттық және аймақтық бағдарламаларды түйістіру арқылы құрлықаралық жүк ағынын қолдаудың маңыздылығына тоқталды.

*Нұрай СӘРСЕНҒАЛИ*

ПАССАЖИРСКИЕ ПЕРЕВОЗКИ

# НА ОБЩИЙ РЕЗУЛЬТАТ

В Алматы генеральный директор АО «Пассажирские перевозки» Михаэль Кортюм посетил ряд предприятий, ознакомился с технологией производства, провел встречи с коллективами подразделений.

**Елена КОЛДАСБАЕВА,** *Алматы*

Михаэль Кортюм начал свое посещение с ТОО «АГМ-Табыс» (бывший Алматинский вагоностроительный завод (АВЗ). Ознакомление с предприятием проходило при участии заместителя директора по корпоративному развитию АО «Пассажирские перевозки» Кайрата Аскарова и советника директора ТОО «АГМ-Табыс» Олеси Имашевой. И не случайно, потому что ремонт вагонов заслуживает особого внимания.

Господин Кортюм осмотрел все этапы ремонта – от бюро описи, где описывается вагон, составляется дефектный акт, до мойки вагонов, где используется уникальная моющая установка «Везумат» с щелочно-моющими дезинфицирующими средствами, которой обрабатывается наружная часть вагона.

Экскурсия продолжилась в ремонтно-комплектовочном цехе, где ремонтируются металлические части вагонов, пригодные к ремонту: поручни, наружные двери, баки, кипятильники, тены. В этом же цехе изготавливаются детали: бирки, втулки, гайки. Руководство осмотрело лазерную установку «Навигатор», функционирующую на программном обеспечении, не обошло вниманием экспериментальные и инструментальные участки, работу колесно-тележечного цеха, редукторного участка, а также вагоноремонтного цеха, где происходит внутренняя сборка вагонов, ремонт отопления, внутреннего интерьера.

Господин Кортюм ознакомился с принципом работы станка «Рафамет», с помощью которого обтачиваются колесные пары.

К слову, для выполнения планового вида ремонта в объеме деповского необходимо 14 суток, на капитальный ремонт – 24 суток.

В деревообрабатывающем цехе посмотрели, как ремонтируются деревянные изделия – полы, обшивка диванов, стены. А в гальваническом отделении – как идет хромирование изделий из черного металла.

Осмотрев предприятие, господин Кортюм отметил необходимость в обновлении как кадрового потенциала, так и оборудования.

– От состояния и качества ремонта вагонов во многом зависит современная доставка грузов и пассажиров, – подчеркнул он.



Стоит напомнить, что Михаэль Кортюм имеет солидный стаж работы в области железнодорожной инфраструктуры и эксплуатации железных дорог, в вопросах реструктуризации и реализации стратегии, включая корректировку производительности, имеет успешную практику руководства и завершения сложных проектов.

В этот же день он встретился с работниками регионального филиала «Южный», филиала «Экспресс-Тальго», «Вагон-сервис», где рассказал о перспективах развития пассажирских перевозок, своем видении совместной работы, создании условий для поездных бригад, исключения дефицита билетов, особенно в летний период.

– Мы должны прийти к единому знаменателю в обеспечении потребности пассажиров, в предоставлении качественных услуг, надежности пассажирских перевозок. Мы сделаем это вместе, и у нас все получится, – на такой оптимистичной ноте резюмировал Михаэль Кортюм.

*Фото автора*

АҚПАРАТ

## ӨЗГЕРІСТЕР ЕНГІЗІЛДІ

**Осы жылдың 23 тамызынан бастап ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің теміржол көлігіндегі қауіпсіздік қағидаларына өзгерістер мен толықтырулар енгізіліп, ол туралы бұйрық күшіне енді.**

ҚР ИИДМ Көлік комитетінің баспасөз қызметінің мәліметінше, бұл қауіпсіздікті басқару жүйесіне аудит жүргізуге қатысты. Енді магистральдық теміржол желісінің қызметтеріне қол жеткізу үшін тасымалдаушыға қауіпсіздікті басқару жүйесінің аудитінен өту қажет. Бұл ретте, тасымалдаушының қауіпсіздігін басқару жүйесінің қауіпсіздік жөніндегі талаптарға сәйкестігі қауіпсіздік сертификатымен расталады.

Сонымен қатар, қауіпсіздік қағидаларына тасымалдау процесіне қатысушылардың және теміржол көлігінің қосалқы қызметтерінің қозғалыс қауіпсіздігінің бұзылуы туралы ақпарат беруіне, жылжымалы құрамды және оның кепілін мемлекеттік тіркеу қағидаларына қатысты да өзгерістер болды. Осы қағидаларда жылжымалы құрамды мемлекеттік тізілімнен шығару және жылжымалы құрамды қайта тіркеу тәртібі көзделген.

Сонымен бірге биыл 23 маусымнан бастап жүк және жолаушылар вагондары мен тартымдық жылжымалы құрамның қызмет мерзімін ұзарту қағидалары да өзгерді. Атап айтқанда, бұл жылжымалы құрамның қызмет ету мерзімін ұзарту тәртібіне қатысты. Нақтыласақ, диагностикалау арқылы техникалық жай-күйін тексеру, қызмет мерзімін ұзарта отырып жөндеу жүргізу, жөнделген АЖҚ қабылдау-тапсыру сынақтары, жаңа қызмет мерзімін белгілеу бойынша өзгерістер. Оған қоса темір жолдарды техникалық пайдалану, қызмет көрсету және жөндеу қағидалары, жылжымалы құрамды техникалық пайдалану және тағы басқалары бойынша бұйрықтар күшіне енді.

*Ұлан ОРАЗ*

## НӘТИЖЕ ЖАМАН ЕМЕС

**Ақтөбенің өнеркәсіптік аумағында орналасқан Жіңішке станциясының жүк тасымалындағы үлесі зор. Станция Ақтөбе ферроқорытпа зауыты, хром қоспалары зауыты секілді ірі өндіріс орындарымен қатар, «Синойл» компаниясындағы мұнай құю, дизельді отын, бензин тасымалын қамтамасыз етіп отыр.**

Онда алыс-жақын мемлекеттерге, соның ішінде Америка, Жапония, Германия және ТМД елдеріне жүк жөнелтіледі. Екі жағында да елді мекендер тығыз орналасқан станция аумағында халық көп шоғырланған. Сол себепті қауіпсіздік – басты назарда. Жіңішке станциясының бастығы Талғат Сағыновтың айтуынша, Жіңішке және Қызғалдақты разъезінде биылдыққа апатты оқиға, оқыс жағдайлар орын алмаған, өндірістік жарақат алу тіркелмеген. Станция мамандары адам мен мал басу оқиғаларының алдын алуға негізделген профилактикалық жұмыстарды тұрақты жүргізіліп келеді. «Қауіпсіздік күні» теміржол бойымен жиі қатынайтын тұрғындар арасында түсіндіру жұмыстары апта сайын өтеді. Нәтиже жаман емес, белгіленбеген жерден өтетіндер саны күрт азайған.

«Теміржолшылар арасында да қауіпсіздік мәселесі басты назарда. Станция жұмысшыларына қауіпсіз жұмыс тәжірибесін көрсету үшін практикалық сабақтар жиі ұйымдастырылады. Жұмысшыларды жеке қорғаныс құралдарымен және қауіпсіз киімдермен қамтамасыз етіп отырмыз. Резеңке қолғап, арнайы етіктер және сырт киімдер беріліп тұрады», – дейді станция бастығы.

Бір жылға дейінгі жұмыс өтілі бар қызметкерлермен14 рет техникалық және практикалық сабақтар өткізілген. Станцияда қауіпті аумақта жұмыс жасайтын 35 маман бар. Олардың қатарында 26 пойыз құрастырушысы, төрт пост кезекшісі және бес белгі беруші бар. Бұл мамандар күнделікті сүт өнімдерімен қамтамасыз етіледі. Әр жұмысшыға күніге 0,5 литр сүт беріледі.

*Ардақ ЕРУБАЕВА, Ақтөбе*

## ТҮЙЕНІ БАСЫП КЕТТІ

**1 қыркүйекте №15-16 бекет аралығындағы 365 шақырым 5 пикетте №378 «Алматы-Маңғыстау» жолаушылар пойызы мал басып кетті. Жол қозғалысына кедергі келтірген кімнің малы, мәселенің мән-жайы қалай болды?**

Осы мәселе жөнінде Маңғыстау жол дистанциясына хабарласқанымызда пойыз басып кеткен түйенің белгісі не сырғасы болмағандықтан кімге тиесілі екені беймәлім болып отырғанын білдік. Жолға шыққан түйенің кесірінен «Алматы-Маңғыстау» жолаушылар пойызы өз уақытынан 8 минутқа кідіріп, тепловоздың алдыңғы темір қаптауы сынған. Осыған байланысты 2 қыркүйекте Маңғыстау станциясындағы желілік ішкі істер бөліміне мал иесін іздестіру, келтірілген шығындарды өтету мақсатында жол дистанциясы мамандары 450 нөмірімен хат жолдапты. Дегенмен төрт түлік төресінің белгісі мен ені болмағандықтан иесі анықталмай отырған көрінеді.

Бір бұл ғана емес, жыл басынан бергі сегіз айда теміржолға «жайылған» мал үшін ТЧЭ-6 машинистерінен 120 оқыс тежеу тіркеліп, Маңғыстау жол дистанциясының есебіне алынған. 2018 жылғы есепті кезеңде 108 тежеу болған. Бұл бейберекет тежеулердің салдарынан биыл 6 тонна, өткен жылғы сегіз айда 540 тонна жанармай шығын болған.

– Төрт түлік жолға көп шығатын, жиі шұғыл тежеу берілетін жерлер негізінен №14-15 бекет, №14 бекет-Шетпе-№13 бекет, №15-16 бекет, №16-Тамақ бекеті және Боржақты мен Қарақия станциясының, Қарақия мен Жетібай, Жетібай-Өзен станцияларының, Өзен мен Бастау бекеті, Бастау-Ақбөбек аралықтары болып отыр. Аталған аумақтарға жақын маңдағы тұрғындармен жылда түсінік жүргіземіз. Биыл да 917 адаммен кездесіп, сөйлестік. Ай сайын сынған, бүлінген мал қоршауларына жөндеу жұмыстары жасалып тұрады. Биыл ғана 10 км қоршау жөнделді. Жергілікті әкімдіктерге қараусыз малды теміржолға жібермеу және мал иелерімен түсінік жұмыстарын жүргізу, бақташы қою туралы жиі хат жолдаймыз. Малмен байланысты жолда келеңсіздік орын алса, оның кімдікі екенін таба алмаймыз осылай. Малға ен салмайды және олардың әкімшілікте тіркелген құжаттары жоқ, – деп шарасыздық танытты Маңғыстау жол дистанциясының техникалық бөлім жетекші жол инженері Ержан Артықбаев.

*Шахида ЖҰМАН, Маңғыстау*

ТАСЫМАЛ

# ҚЫС – ҚЫР АСТЫНДА

«ҚТЖ-Жүк тасымалы» АҚ филиалы «Жамбыл жүк тасымалы» бөлімшесінде өткен жиында қыр астында тұрған қыстың қамы сөз болды. Дәлірек айтсақ, әулиеаталықтарды қатты отынмен қамтамасыз ету мәселесі қаралды.

**Әсел ЖАЙНАҚОВА,**
*Жамбыл*

Жамбыл ЖТ бөлімшесі директорының бірінші орынбасары Үмітбек Рысбековтің төрағалығымен өткен жиынға теміржолшылармен қатар, облыстық энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасының мамандары, жеке кәсіп иелері мен шаруа қожалығы өкілдері қатысты.

Жалпы, қыстың қамын жаз ойлауды әдетке айналдырған жамбылдық теміржолшылар қысқа дайындықты баяғыда бастап кеткен. Бұл қыс маусымына дайындық мәселесі қаралған алғашқы жиын емес. Жамбыл облыстық энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасының берген мәліметтеріне сүйенсек, 2019-2020 жылыту маусымына өңірдегі коммуналдық-шаруашылық және бюджеттік мекемелерге бөлінуге жоспарланған көмір көлемі 66,4 мың тонна болса, бүгінгі күнге дейін оның 37 мың тоннасы, яғни 55,7 пайызы Әулиеата жеріне жеткізіліп қойған. Ал жалпы Жамбыл облысы тұрғындарына жоспарланған 254,2 мың тонна көмірдің 72,5 мың тоннасы дайын.

Жиын барысында Үмітбек Есмұрзаұлы, биыл жаз мезгілі өте ыстық болғанын еске салып, сәйкесінше, енді қыс маусымының да қатал болуы мүмкін екенін айтты. «Синоптиктердің мәліметінше, келе жатқан қыс мезгілі әдеттегіден суық болады деп күтілуде. Өйткені, жаз өте ыстық болғанын бәріміз білеміз. Бірақ біз қыс маусымына сақадай саймыз десек те болады. Жылыту маусымын жылдағыдай қалыпты өткіземіз деген ойдамыз. Біршама уақыт бұрын еліміздің солтүстік өңіріндегі бөлімшелерде вагон тапшылығына байланысты біраз келеңсіздіктер орын алды. Бізде ондай проблема жоқ, көмір тасымалына байланысты барлық мәселе біздің жіті бақылауымызда. Айта кетерлігі, биыл тариф 10 пайызға өсті. Енді ол жүк тасымалының нақты қай қызметіне байланысты екенін, жалпы басқа да өзгерістерді осы саланың маманы жан-жақты түсіндіріп береді», – деді Жамбыл ЖТ филиалы директорының бірінші орынбасары.

Айта кетейік, 2018 жылдың 1 сәуірінен бері көмірдің бағасы ставкасына 518 теңге болып келсе, енді оның құны 571 теңге болмақ. Тасымалға қатысты жүк вагондарын, контейнерлерін пайдалану, жинауға байланысты қосымша қызметтердің құны ставкасына 10 пайызға өскен.

Жиын соңында Үмітбек Рысбеков қандай да бір мәселе туындаса, дер кезінде шешуге дайын екендіктерін жетізіп, көпшілікті кезекті қыс маусымын қиындықсыз өткізуге атсалысуға шақырды.

# КОНТЕЙНЕРЛІК ПОЙЫЗДАР ТИІМДІЛІГІ АРТУДА

Семейлік теміржолшылар жүк тасымалы бойынша ағымдағы жылға межеленген жоспарлы жұмыстарды мезгілінен бұрын орындауда. Мақсатты шаралар қатарында жүк тиеу мен ауыр салмақты пойыздарды құрастырып жолға шығару, ұзын жылжымалы құрамдарды кідіріссіз жөнелту, станцияларда тастанды пойыздар легін қалыптастырмау бойынша қолға алынған тың тәсілдер өз тиімділігін толық дәлелдеді.



**Қуаныш ҚОЖАЕВ,**
*Семей*

Соның ішінде контейнерлік пойыздар транзиті бойынша өткен 8 айдың ішінде жетістікті жұмыстар қатары орын алған. Осыған дейінгі жүргізілген сараптама қорытындылары бойынша контейнерлік пойыздар транзитінің бюджет қоржынын еселейтіні ескеріліп, жыл басында аталмыш бағытта жұмыс жүргізу үшін тиісті шаралар қабылданған болатын. Бөлімше теміржолшылары бір жыл ішінде әр контейнері 40 тоннаны құрайтын 500-ден аса транзитті пойыздарды іркіліссіз өткізе алатыны теориялық тұрғыдан дәлелденген соң, нақты нәтижеге ден қойылған еді. Тиімділігі мол мұндай шешімнің қабылдануына Ресейдің Сібір бөлігінен Орталық Азияға контейнер түріндегі жүк тасымалының соңғы жылдары еселеп артуы, экспорттың өріс алуы себеп болған. Өз кезегінде, орын тепкен аумағы бойынша көршілес екі ел арасындағы жүк дәлізі саналатын Семей ЖТ бөлімшесінде жүк тасымалының бұл түрі – күн тәртібінде тұрған мәселелердің бірі.

– Транзит ағыны негізінен Ресейдің Батыс-Сібір бөлімшесі аумағында орын тепкен Локоть станциясымен ҚХР-мен шектесетін Достық станциясы аралығында, қос бағытта орын алуда. Өткен 8 айдың көрсеткіші бойынша 413 пойызды қабылдап-жөнелттік. Бұл өткен жылдың есепті мерзімімен салыстырғанда екі есеге жоғары. Алда әлі 4 айдың қорытындысы бар екенін ескерсек, бұл көрсеткіш жыл соңына дейін еселене түседі деген сөз, – дейді Семей ЖТ бөлімшесінің шұғыл басқару бөлімінің бастығы Ерболат Сәкенов. Сәйкесінше, контейнерлік пойыздардың тәуліктік жүру жылдамдығы да жоғарылаған.

Ал бөлімшенің жүк станцияларында жасақталатын пойыздар мүмкіндігінше ауыр салмақта құрастырылады. Дегенмен телімдердің өткізу деңгейі салмақ дәрежесіне қарай әр түрлі болып келеді. Мысалы, Локоть-Ақтоғай телімінде тақ пойыздар үшін шекті көрсеткіш 4500 тоннаны құрайды екен.

Ерболат Шаймарданұлының айтуынша, қазіргі таңда ауыр салмақтағы пойыздардың жүк айналымы бойынша Дегелең-Семей аралығындағы 142 шақырымдық телімде 6 300 тонналық пойыздар қатынауда.

Мысалға алсақ, құрастырылатын жүк пойыздарының саны 9 ай ішінде 10 мың болса, оның шамамен 35-40 пайызы ауырсалмақты болып саналады. Ертіс үстіндегі теміржол көпірі күрделі жөндеуден өтіп жатқандықтан жылжымалы құрамдардың мұндай түрі негізінен 1 класты жүк станциясы саналатын Жаңа-Семей станциясында жасақталады.

Мұнымен қатар, қазіргі күні бөлімшенің логистика және жүк тасымалын ұйымдастыру бөліміне жылдамдығы жоғары «Шаттл» пойызын құрастырып жолға шығару туралы бірқатар тың ұсыныстар түскен. Бұл мәселе қазіргі күндері арнайы мамандар тарапынан қарастырылу үстінде. Жаңғызтөбе станциясынан Балқаш станциясына дейінгі аралықта түсті металл кенін тасымалдау бойынша түскен ұсыныстың тиімділігі дәлелденсе, қабылданады.

*Суретті түсірген автор*

КӨКЕЙКЕСТІ

# ТРАНЗИТТІ ТАРАЗДЫҢ МӘСЕЛЕСІ

## НЕМЕСЕ АЛЫПСАТАРЛАР САУДАСЫНА ТОСҚАУЫЛ БОЛА МА?

Жуырда Нұр-Сұлтанға барып қайттым. Кейде тығыз шаруаң шыққанда билеттің табылғанына қуанасың ғой. Менің бағыма орай билеттің табыла кеткені. Мұндайда бағасына да қарамайсың. Сонымен баруым – 40, қайтуым 20 мың теңгеге айналды. Яғни, «Эйр Астана» компаниясы Тараздан Нұр-Сұлтанға 40 мың теңгемен жеткізсе, қайтарда «Тальго» пойызы 20 мың теңгемді қағып алды...

**Ерман ӘБДИЕВ,**
*Тараз*



Иә, шындығында, ұшаққа да, пойызға да билет өте қымбат, кез келген орта табысты отбасы үшін бұл – үлкен шығын. Жолаушылардың қалтасын қағып отырған ұлттық компаниялардағы баға саясаты қашан реттелер екен деп ойлап үлгергенімізше Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев халыққа Жолдауында ұшақ билеттерінің қымбаттығын өзекті етіп көтерді. Ал оған дейін пойыз билеттері тапшылығын жоюды тапсырған.

Президенттің Жолдауын талқылаған Үкімет отырысында вице-премьер Жеңіс Қасымбек «...теміржол билеттерінің тапшылығын болдырмау және заңсыз делдалдық әдістерге тосқауыл қою мақсатында билеттерді сатуды цифрландыру жүргізілуде, билеттерді сату тәртібін реттейтін норма енгізілді. Теміржол көлігімен жолаушыларды тасымалдау жүйесін жетілдіру жоспары жасалды» деген еді.

Негізгі тасымалдаушы – «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясының еншілес кәсіпорны «Жолаушылар тасымалы» компаниясымен қатар он шақты жекеменшік серіктестік бар. Соның өзінде жазда екі ай бұрын билет іздесеңіз, таппайсыз. Неліктен? Өйткені арада алыпсатарлар пайда көріп отыр. Ал билеттердің тікелей ұлттық компания арқылы сатылмай, басқа да жеке ұйымдарда сатылуы басты мәселе болып отыр. Оны шешу үшін бірнеше механизм болуы керек. Тікелей бағаны төмендету де мүмкін емес. Мұнда жанармай бағасы, жолаушы саны да рөл атқарады. Жалпы бәсекені күшейтсек қана шешім табылады.

Алыпсатарлар – жеке тұлғалар. Олар билеттерді 50 пайызға, тіпті қат кезде жүз пайызға дейін қымбат сатудан шімірікпейді. Әсіресе адамдар жиі қатынайтын бағыттарда баға екі есеге дейін өсуі мүмкін. Негізінен Жамбыл өңіріндегі пойыз билеті тапшылығының екі себебі бар. Бірі – Тараз бекеті – транзиттік вокзал. Яғни, негізінен билеттер Тараз вокзалын басып өтетін Шымкент-Алматы, Маңғышлақ-Алматы, Қызылорда-Көкшетау, Шымкент-Нұр-Сұлтан бағытындағы он шақты пойыздардың шығу станцияларында сатылып кетеді де, транзиттік Тараз бекетіндегі кассаларда билеттер саны шектеулі болып қалады. «Біздің кассаларда билетті, әсіресе Нұр-Сұлтан қаласына екі-үш ай бұрын алған тиімді. Өйткені, он-он бес күннің ішінде билет тапшылығы байқалады. Қалай дегенде де транзиттік пойыздарға орын табу қиын екені рас», – дейді Тараз бекетіндегі билет кассирі Майя Узбаева.

Екіншіден, пойыз билеттері алыпсатарлар қолында жүр. Олар теміржол билеттерін қолдарына қалай түсіреді? Ол азаматтардың билетті қолына түсірудің бір амалы – жекеменшік кассалармен ауызжаласуында. Яғни, әлеуметтік маңызы бар бағыттарға қатынайтын пойыздардың билетін ертерек сатып алады. Қазір республика бойынша «Жолаушылар тасымалы» акционерлік қоғамының 433 теміржол кассасы бар. Егер билетті сол теміржол кассасынан алсаңыз, онда мамандар міндетті түрде жеке куәлік талап етеді. Құжатсыз билет берілмейді. Ал теміржол билеттерін сатумен айналысатын жекеменшік кассаларға барсаңыз, ондағылар сізден төлқұжат сұрамауы мүмкін. Себебі алыпсатарлар жеке кассадағылармен бірге жұмыс жасайды. Ал елімізде мұндай жекеменшік кассалардың саны – 4500. Акционерлік қоғамға қарасты кассалардан олардың саны 11 есе көп.

Мына қызықты қараңыз. Жекеменшік кассадағылар әлемде жоқ адамның атына билеттердің бәрін сатып алады. Мысалы, «Виктор Цой» деп атайды да, соның атына бір ай бұрын 10 билет сатып алады. Пойыздың жүру уақыты жақындағанда жолаушылар вокзалға келіп, билет сұрастыра бастайды. Билет жоқ. Осы кезде жекеменшік кассадағыларға клиент іздеуші жолығып, жолаушыға «қызметін» ұсынады, яғни 10 мың теңгенің билетін 15-20 мың теңгеге рәсімдеп береді. Билет таппай, шарқ ұрып жүрген жолаушы еш ойланбастан, өзі келіп тұрған билетті қуана сатып алады. Ол үшін алыпсатарлар мен жолаушы жекеменшік кассаға барып, билетті өз атына аудартады. Әлгі «Виктор Цойдың» атына жазылған билетті кассадағылар жолаушының атына қайта рәсімдеп береді.

«Жолаушылар тасымалы» АҚ соңғы кезде жарнамалап жатқан «Күту парағы» жүйесі алыпсатарлар саудасына тосқауыл бола ала ма?

Жалпы, Жамбыл темір жолының арғы бергі тарихында ешқашан Тараз-Нұр-Сұлтан немесе Тараз-Алматы бағытында жолаушы пойызы қатынасы болған емес. Неге? «ҚТЖ-Жүк тасымалы» АҚ филиалы Жамбыл теміржол бөлімшесінің әлеуеті оған толық жетеді. Өйткені, бөлімшеге қарасты үш парк – Жамбыл локомотив пайдалану депосы, Тараз локомотив жөндеу депосы, Жамбыл вагон пайдалану депосы толықтай жолаушылар тасымалы пойызының сервистік қызметін өтеуге мүмкіндігі мол. Ал біз жоғарыда сөз еткен бағыттың ашылуына не кедергі?

– Сіз көтеріп отырған мәселе сонау Кеңес үкіметі тұсында әбден зерделенген болатын. Өйткені, ол кезеңде ғылыми, демографиялық ахуал жан-жақты сарапталған екен. Енді қараңыз. Бір пойызда кемі сегіз вагон жасақталады. Оның үшеуі плацкарт вагон, бесеуі купе. Плацкартта бір вагонда 54 орын бар. Ал купеде 36 орын. Есептеңіз. Үш плацкарт вагонда 162, бес купеде 180 орын. Барлығын қосқанда 342 орын. Егер пойыз күнделікті қатынайтын болса, бір Тараз вокзалынан осыншама жолаушы шықпайды. Осы жағы ескерілген. Сондықтан, біздің мүмкіндігіміз – транзиттік пойыздарға орын тауып беру. Бүгінде «Жолаушылар тасымалы» компаниясына жаңа басшылық келіп, жолаушылар тасымалындағы күрделенген мәселелерді қолға алуда. Болашақта мүмкін Тараз вокзалынан өтетін транзиттік пойыздарға қосымша вагон жалғау мәселесін көтеретін боламыз, – дейді Жамбыл бөлімшесі директорының бірінші орынбасары Үмітбек Рысбеков.

*Суретті түсірген Александр ЖАБЧУК*

СЕРВИС

# АЖИОТАЖА С ПОКУПКОЙ БИЛЕТОВ НЕТ

АО «Пассажирские перевозки» опровергло появившуюся в СМИ информацию о том, что в железнодорожных кассах компании отсутствуют билеты в сообщении Нур-Султан – Шымкент.

**Руслан РАХМЕТОВ**

Жалоба жителя Шымкента Нурдоса Тажметова о том, что он уже в течение нескольких дней не может покинуть столицу из-за отсутствия билетов стала главной темой обсуждения в СМИ. В связи с этим представители национального перевозчика сообщили, что распространенная информация не соответствует действительности. Так, на сегодняшний день в железнодорожных кассах имеются в наличии 49 мест купе и 9 мест на супер-люкс в сообщении Нур-Султан – Шымкент.

– Каждый день проходит по три-четыре поезда. Это транзитные, а также поезда, которые формируются в Нур-Султане. Наша система показывает, что начиная с 6 сентября по сегодняшний день на поезд в Шымкент имеются места как в купе, плацкарте, так и на комфортабельные поезда «Тұлпар-Тальго», – отметил представитель АО «Пассажирские перевозки» Диас Ахметшарип.

Представители СМИ решили лично проверить данную информацию. После нескольких минут ожидания они без труда смогли приобрести билет до Шымкента.



Напомним, с 1 июля 2019 года национальным перевозчиком внедрена усовершенствованная система продажи электронных проездных документов. Она позволяет снизить дефицит билетов, которые искусственно создают перекупщики.

Благодаря системе «лист ожидания» 240 тысяч пассажиров смогли приобрести билеты на направления, по которым ранее не было свободных мест.

– Сегодня мы прорабатываем вопрос с сотовыми операторами. «Лист ожидания» будет привязан к системе подтверждения по смс. Кроме того, мы отрабатываем вопрос по реализации модуля по продаже билетов через приложение Kaspi банка. В групповых поездках было наибольшее количество махинаций. На один почтовый адрес приходилось до 2500 заявок. Это недобросовестные перекупщики, – рассказал управляющий директор филиала АО «НК «ҚТЖ» – «Дирекция автоматизации и цифровизации» Салмен Амрин. – Поэтому были внесены изменения и в правила перевозок по групповым поездкам, что исключило большое количество махинаций. Также компания ведет переговоры с известными интернет-сервисами для предоставления широких возможностей покупки билетов населением.

*Фото Александра ЖАБЧУКА*

БЕЗОПАСНОСТЬ

# С БАШМАКАМИ НЕ УЙДЕТ

На станциях Восточно-Казахстанского отделения грузовых перевозок примут профилактические меры по недопущению случаев нарушений безопасности движения, связанных с нарушениями технологических процессов, некачественным закреплением вагонов тормозными башмаками.

**Ольга УШАКОВА**
*Усть-Каменогорск*

